

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси ақпараттық газеті*

## ТОРҒАЙ ДАТҚАДАН МҰСТАФА ШОҚАЙҒА ДЕЙІН

... Атақты Мансұр Бекежанов (Нартайдың ағасы) ақын "Иманжүсіпке хат" деген жырында Торғай датқа хақында:

*"Екінші болған екен Торғай датқа,  
Адам жоқ кеңес тапқан ондай жұртта.*

*Ел қамын сондай ерлер ойлап өткен,*

*Мастанып, әуелемей қонған баққа"* – деп жырлаған. Ақын жыры Торғай бидің ел ішіндегі беделі мен билігін көрсетсе керек.

Торғай Қуатбайұлы (Қуатбаев) Қаракыпшақтың Торы аталығынан тараған. Шаштыдан – Бошай туады. Осы күні Бошаймыз дейтін аталық бар. Бошайдан – Арыс – одан Қолдау. Қолдаудан – Жанай – одан Темір тараған. Темірден Қуатбай. Біз әңгімелеп отырған Торғай би (датқа) Қуатбай бабадан тарамдалады. Торғайдан – Шоқай, Қалымбет, Әліш, Оспан өсіп-өнген. Шоқайдан – Сыздық, Мұстафа, Нұртаза туған.

Ел аузындағы айтылып жүрген әңгімелерде Торғай Қуатбайұлы есейген кезінде Арқа жақтан Сыр еліне келіп қоныстанып, осында үйленеді. Сол тұста көп жыл баласыз жүрген Торғай: "Баламның атын өзім қояйын, қатынмен екеуміз шоқайып отырушы едік, баламның аты Шоқай болсын" – депті-міс.

Торғай бидің (датқа деген – Қоқан хандығындағы полковник, генерал дәрежесіндегі әскери атақ) туған және өмірден өткен жылдары әртүрлі жазылып келеді. Бір зерттеуші 1851 жылы, енді бірі 1872 жыл дегенді айтады. Алайда тарихи кітаптар мен мұрағаттарда оның есімі 1853 жылдың 23 шілдесінде кездесті. Онда орыстардың Ақмешіт бекінісін алғаннан кейін Жөлек қорғанындағы бейбіт тұрғындардың қорғаннан кетуіне Торғай датқаның беделі себепші болған. Қорғанда көп мүлік қалады және қыран бүркіт болыпты. Шені жоғары басшыларының айтуымен капитан Макшеев осы бүркітті арнайы тарту ретінде Торғай биге сыйлапты. Осы кезеңнен бастап Торғай датқа орыс әкімшілігі мен жергілікті халықтар арасында саясаткер ретінде танылады. Кейбір ауызша деректер мен жазбаларда Торғайдың қажылыққа барғаны да айтылып жүр.

Жалпы мақаламыздың басында жазғандай, Торғай бидің (датқаның) туған жылын анықтау үшін ата-тек шежірелік есеппен есептеуге тура келеді. Шоқай би 1846-1850 жылдарда, ал оның әкесі Торғай би XIX ғасырдың басында туған болып шығады. Ал ол 1882-1883 жылдары қайтыс болса керек. Өйткені Сырдария желісінің бастығы болған генерал Н.И.Гродеков өзінің 1889 жылы Ташкентте басып шығарған: "Киргизи и каракиргизи (Сырдаринская область)" атты кітабында бірнеше би, сұлтандармен қатар Торғай биден қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, билік, шешім-кесімдер түрін алғанын жазған және осы кітапқа Торғай және Шоқай билердің суреттерін басқан. Ресей тарихында фотосуретке түсірудің пайда болғаны 1850-1853 жылдар болса, енді Сыр еліндегі ескерткіштері мен қалаларын түсіру 1866-1867 жылдары басталған. Олай болса, генерал Гродеков Торғай бимен

кездескен деуге негіз бар. Дегенмен Торғай бидің орысша, арабша сауатты болғанын ескерсек патша генералымен өзі тікелей әңгімелескен сияқты.

Торғай бабамыздың артында тарихи жазбалар қалды, Торғай би айтты деген қазақ халқының билік шешімдері мен кесімдері жазылып алынған. Торғай кейінгі ұрпағына өз халқының мол мұрасын қалдырды десе болғандай. Торғай би ру, аталықтардың ұрандары мен таңбалары, олжа, ноқта ағасы, той басталуы, сыйлы қонақтарға берілетін сый-сыбаға, шарифат, әдет, жеті атадан кейін үйлену шарты, балалардың өгей шешесіне үйленбеуі, оқытушысына үйленбеуі, еншілес бала, достар сыйластығы, дос-тамырлық қасиеттері, балаларына енші берудің жолдары, қалың мал төлеудің нормалары, жын-шайтан хақында, жылу жинау жайлы, енші басы, қалыңдық айттырып, қыз ұзату сияқты қағидаларын айқын айтқан. Сондай-ақ Торғай би мал сату мен сатып алудың үш шарты барын: 1) малды сатып аларда малдың кемшілігі болса, келісіп 3-4 күннен кейін егесіне қайтару; 2) сатушы малының кемшілігін біле тұрып, алушыны қыстамайды; 3) малда кемшілік болса, сатушы кері қайтарып алатынын айтыпты. Ат-тон айып, билік айту, куәлікке тарту, ант қабылдау, қызды зорлағанға үш тоғыз айып тағу сияқты қазақ жұртшылығында қолданып жүрген билік түрлерін атап көрсетіп, өзінің қабырғалы би екенін ісімен де, сөзімен де көрсете білген. Торғай демекпіз. Торғай бидің канатты сөздері:

*... Алдиярға мас болған жаман төре.*

*Жаман өз туған жерін ұмытады.*

*Ит өзінің қыңсылаған жерін ұмытпаса,*

*Ер өзінің туған жерін ұмытпайды.*

*Үйлену жеті атадан кейін,*

*Әдет пен Шарифат жолы екі басқа.*

*Тамыр дос, құрдас төбе дос.*

*Қызға мал бергенмен,*

*Келіншекке – мал бергенім жоқ.*

*Қатын ақылсыз, бақа құйрықсыз.*

*Қой жаман болса, айып төле.*

*Алдыңа келгені – намысыңның біткені,*

*Алдыңа келгенде, атаңның құнын кеш.*

*Мойнына қосақ, көтіне тіреу.*

Торғай бидің бұдан басқа да айтқан ақыл, нақылдары бар дейді. Торғай би (датқа) айбынды да, қабырғалы би болған. Бірде ағайындас екі би Әжібай мен Торғай араздасып қалыпты. Осы араздықтың салқыны жұртшылыққа әсер еткенін сезген Досбол би Торғайға арнап:

*Әй, Торғай! Ақ тоныңды жамандап,*

*Мақпалды қайдан табарсың?*

*Ағайынды жамандап,*

*Жақынды қайдан табарсың?*

*Әділ болсаң жұртыңа*

*Ұзақ жылға шабарсың! – деп екі биді татуластырып жіберіпті.*

Торғайдың үлкені Шоқай шамамен 1850-1852 жылдары туып, 1912 жылы өзі туып өскен Сарышығанақта қайтыс болған. Шоқай жасынан билер сөзін тыңдап, жұртшылықпен тіл табыса біледі. Шен-шекпені болмағанмен Шоқай ел билігіне араласады. Сөйтіп Шоқай би атанған. Сарышығанақтағы 2 сыныптық мектептің салынуына үлес қосады. Егін егу және мал шаруашылығымен айналысып, орта шаруа болыпты. Шоқайдың үш ұлы, екі қызы болған. Шоқайдың – Сыздық, Мұстафа, Нұртаза атты ұлдары сол кезеңдегі елдік істерге белсене араласқан жастар болады.

Ел аузында мынандай әңгіме бар. Шоқайдың қартайған кезі екен деседі. Құдашасына Шоқай қалжындап:

*Уа, құдашам, сегізде тісім түсті,*

*Сексенде саған ісім түсті.*

*Дүние өтер-кетер,*

*Құдаша көрпеңді көтер.*

*Маған келген кәрілік,*

*Ертең сені де қуып жетер.*

Бидің сөзін тыңдап болған құдаша:

*Сексендегі сері шал,*

*Қайратың болса көріп қал.*

*Қамданып қасыма келген екенсің,*

*Бауырыма қысып, басыңнан сипайын*

*Кеуілің кең болса, Көрпе ашық, – депті. Екеуі де ұтырлы сөзге тоқтапты.*

Шоқайдың туған інісі Әліш орыс мектебінде оқыған кісі. Әліш Торғаев 1857-1860 жылдар шамасында қазіргі Шиелі ауданындағы "Наршоқыда", қазіргі Мұстафа Шоқай ауылында туып, осында қайтыс болған. Ол Перовскіде, Ташкентте оқыған. Ол 1891 жылы ауылдастарына жаңадан мектеп үйін өз қаражатына салып береді. 1903 жылы Сарышығанақтағы мектептің басқарушысы әрі мұғалімі болған.

Орыс-қазақ қатынас құжаттарынан (Перовск уездік) Торғайұлы Әліштің "Құрметті қазақ" атағы барын, әрі би, әрі бай болғанын білеміз. Осы мектептің қамқоршысы және Жөлектегі әскерилерге отын, шөп және күшкөлікпен көмектесіп отырған. Оны патша генералдары Станиславскі лентасы, халат, канжармен марапаттаған.

Шоқай Торғайұлының үлкені Сыздық 1874 жылы туған. Мұстафамен жас айырмашылығы – 15-16 жас. Сыздық бәйге ат ұстайтын, атбегі (атсейіс) болыпты. Үнемі асыл тұқымды екі ат ұстап, баптаған. Сыздық 1905-1908 жылдар аралығында Гродевский болысын басқарған.

### *Мұстафа Шоқай*

Мұстафа Шоқайұлы Наршоқыдағы Тораңғылда туған. Ал туған жылы әртүрлі жинақтарда 1889, 1890, 1891 жыл деп жазылып жүр. Соңғы жылдары шыққан кітаптарда 1886 және 1890 жыл деп жазылған. Мұстафа атақты Торғай датқаның (бидің) немересі. Ақмешіт, Ташкентте, соңынан Санкт-

Петербордағы университеттің заң факультетін бітірген сауатты да саналы қазақ жастарының бірі бола білді. Ақмешіт, Ташкент, Орынбордағы қазақ жиындарына және Ресей мемлекеттік думасында сөз сөйлеген. Түркі әлемінің бірігуі жолында аянбай, қажырлы күрес жүргізіп, Қоқан автономиясын басқарғаны белгілі. Орта Азиядан шығып, есімі танымал болған, көрнекті саяси қайраткер, Алаштың арысы, аса білікті дипломат.

Соңғы жылдарда Қазақ елі Мұстафа Шоқайға кеңінен ден қойып, шетелдегі көп мұраларын елге әкелуде. Көптеген зерттеуші-жазушылар өз шығармаларын арнады. Оның еңбектерін жиыстырып кітап етіп бастырды. Еліміздің көптеген қалалары мен елді мекендеріндегі көшелерге Мұстафа Шоқай есімі беріліп, ескерткіштер орнатылуда. Мұндай игілікті шаралар бүгінде жалғасын тауып отыр.

Мұстафа біраз зерттелсе де, оның арғы бабалары мен аға-інілері жайлы оқырман қауым терең біле бермейді. Енді соларды жете зерттеу тарихшы ғалымдардың міндеті. Осы мақалаға қосымша ретінде Мұстафа Шоқайдың Ташкенттегі оқығаны туралы мұрағат деректері және Мұстафаның арғы бабасы Торғай би мен өз әкесі Шоқай, Ахмет Торғаев және Шақаман Ескеновтің билік жасап отырған суреттері беріліп отыр. Осындағы би Ахмет Торғаев Торғай бидің ұрпағы болуы да мүмкін.

*Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, этнограф*